

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 511 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті өкімінің жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Өкімі Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне өзгерістер енгізу туралы

"Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1999 жылғы 15 шілдедегі N 58 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2001 ж., N 23, 282-құжат; 2002 ж., N 42, 415-құжат; 2003 ж., N 35, 347-құжат; 2004 ж., N 21, 266-құжат; 2005 ж., N 22, 267-құжат; 2007 ж., N 9, 100-құжат; N 24, 268-құжат; 2008 ж., N 4, 43-құжат; N 37, 399-құжат; N 42, 465-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Мемлекеттік рәміздер жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Майлыбаев	- Қазақстан Республикасының Мәдениет
Бағлан Асаубайұлы	және ақпарат вице-министрі, хатшы
Ахметов	- Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Даниал Кенжетайұлы	министрі
Баймағанбетов	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Серік Нұртайұлы	министрі
Түймебаев	- Қазақстан Республикасының Білім және
Жансейіт Қансейітұлы	ғылым министрі
Нүкетаева	- Қазақстан Республикасы Парламенті
Динар Жүсіпәліқызы	Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму
	комитетінің төрайымы (келісім бойынша)

мына:

"Досқалиев - Қазақстан Республикасы Парламенті
Жақсылық Ақмырзаұлы Мәжілісі Әлеуметтік-мәдени даму
комитетінің төрағасы (келісім бойынша)

Мыңбай - Қазақстан Республикасының Мәдениет
Дархан Қамзабекұлы және ақпарат вице-министрі, хатшы"

деген жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"Досқалиев - Қазақстан Республикасының Денсаулық
Жақсылық Ақмырзаұлы сақтау министрі

Мыңбай - Қазақстан Республикасы Президенті
Дархан Қамзабекұлы Әкімшілігінің Ішкі саясат бөлімінің
меңгерушісі"

көрсетілген комиссия құрамынан Б.Б. Жанасаев, Қ.Н. Қасымов, Ф.Ш. Қуанғанов,
Е.Т. Мергенов шығарылсын.

Президенті *Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*
Н. Назарбаев